

ARTICLE 19

# Вирусты өтірік: Дезинформация және коронавирус

Наурыз 2020

---

# Түйіндеме

---

COVID-19-дің соңғы үш ай уақытында, коронавирустің жаңа штаммынан туындаған ауру бүкіл әлем бойы таралды. Вирустің таралуы жалған мәліметтер мен шығу тегі Қытайдан немесе Азиядан болған тұлғаларға қарсы «қастастық тілінің» таралуымен қабаттас болды. Кейбір үкіметтер бұл проблемаларды шешу және дағдарыс туралы мәлімдемелерді бақылау үшін цензура, тұтқындаулар мен жазалау заңдарын қолданғандықтан, эпидемияға байланысты сөз бостандығы да зардап шекті.

Ақпанда Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДСҰ) COVID-19 туралы жалған және жаңылыстыратын ақпараттың ағынан туындаған «инфодемияға» қатысты алаңдаушылық білдірді. Вирустан псевдодәрілер, қастандық теориялары мен вирустің таралуы туралы қате және жаңылыстыратын хабарламалар беделді көздерден шыққан ақпаратқа қарағанда жиірек оқылады. Кейде мұндай ақпарат дәстүрлі БАҚ репортаждарына еніп кетеді. Көптеген жағдайларда дезинформация кесірінен саясаткерлердің көңілдері ауып, қоғам тарапынан үкіметтерге сенімсіздік туындайды және адамдар арасында абыржу тарайды.

Сондай-ақ COVID-19 таралуы әлемнің түкпір-түкпірінде қорқыныш, кемсітушілік пен төзбеушілік тудырды. «Қастастық тілінің» нысаны болған кейбір тұлғалар мен қауымдастықтар қастастық риторикасының салдарынан туындауы мүмкін кемсітушілік пен зорлық-зомбылықтан қауіптенеді.

Аталған мәселелерді шешу бойынша өз күш-талпыныстарында үкіметтер кейде қатаң әрі контрөнімді тәсілдемелерді пайдаланады. Қытайдың COVID-19 пайда болуы туралы жария хабарламаларын басу бойынша талпыныстары індеттің таралуына қарсы алғашқы әрекеттерге теріс әсерін тигізді. Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің үкіметтері COVID-19 туралы жалған ақпаратты таратуға күдікті тұлғаларды тұтқындап және жазғыру арқылы жазалау заңнамасына сүйенді. Иран үкіметі әлеуметтік желілерде вирус туралы ақпаратты орналастырған пайдаланушыларды тұтқындап, сонымен бірге, індеттің таралуы туралы ақпаратты жасырды.

Тәуелсіз журналистика, азаматтық репортаждар, ашық талқылаулар және ақпараттың еркін ағыны COVID-19-бен жаһандық күрестің табыстылығы үшін қажет. Үкіметтер сөз бостандығы мен ақпаратқа қолжетімділікті көтермелейтін, індетке әрекет ету саясаты мен шараларын әзірлеулері қажет. Цензура мен қылмыстық жазаға негізделетін

дезинформация мен «қастастық тіліне» қарсы тәсілдемелер орнына, айқындық пен БАҚ бостандығына ерекше көңіл аударатын тәсілдемелер енгізілуі қажет.

Сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер COVID-19 дағдарысына байланысты жалған мәліметтер мен «қастастық тілінің» таралуымен күреске жәрдемдесулері қажет. Журналистер ақпаратты анық және әділ хабарлаулары, насихаттық науқандар мен ресми кемсітушілік оқиғаларын тергеулері қажет. Сонымен қатар, жоққа шығару мен шындықты айқындау құқықтарының бар болуына көз жеткізу қажет. Әлеуметтік желілер COVID-19 туралы нақты, расталған ақпараттың таралуын ілгерілету мақсатында ДСҰ және денсаулық сақтау органдарымен ынтымақтастықты жалғастырулары қажет. Сондай-ақ олар дезинформация мен «қастастық тіліне» қарсы қолданылып жатқан әрекеттердің айқын және түсінікті саясат пен тиісті процессуалдық кепілдіктерге негізделуін қамтамасыз етулері тиіс.

# Мазмұны

Түйіндеме ..... 2

Кіріспе ..... 5

Адам құқықтары саласындағы қолданыла алатын стандарттар ..... 9

    Өз көзқарасын еркін білдіру және ақпаратқа қолжетімділік құқығы..... 9

    БАҚ-ты реттеу..... 11

    Денсаулық құқығы ..... 12

COVID-19 індетінен туындаған, сөз бостандығына сын-тегеуріндер ..... 14

    Дезинформация және COVID-19 ..... 14

    «Қастастық тілі» ..... 16

COVID-19 індетіне тиімді жауап: сөз бостандығы мен ақпаратқа қолжетімділіктің рөлі  
..... 18

    Ақпараттың еркін ағыны ..... 18

    Бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі ..... 18

    Әлеуметтік желілердің рөлі..... 19

Ұсынымдар ..... 22

    Мемлекеттер үшін ..... 22

    БАҚ үшін ..... 24

    Әлеуметтік желілер үшін ..... 24

Ескертпелер..... 26

# Кіріспе

---

Бұдан бұрын «2019 жылғы жаңа коронавирус» ретінде белгілі болған COVID-19, коронавирустар тұқымдасының жаңа вирустар штаммынан туындаған ауру болып табылады.<sup>1</sup> COVID-19 жұқтыру оқиғаларының көбісі жеңіл түрде өтуіне қарамастан, ауыр оқиғалары пневмонияға әкелуі мүмкін, ал оқиғалардың біраз пайызында жұқтыру өліммен аяқталады. Денсаулық сақтау өкілдері COVID-19-ды алғашқы рет Ухань қаласы, Қытайдың Хубэй провинциясында 2019 жылғы желтоқсанда анықтады. 2020 жылғы 6 наурыздағы жағдай бойынша 79 елде 95 270 оқиға және 3280 өліммен аяқталған оқиға болды.<sup>2</sup>

COVID-19 анықталғаннан кейінгі бірнеше апта ішінде Қытай үкіметі індетке байланысты ақпарат ағынын бақылауға аса қатты тырысты. Билік өкілдері қоғамнан ақпаратты жасырды, жұқпалар саны туралы мәліметтерді жүйелі түрде кемітіп тастады, мемлекеттік БАҚ-да репортаждарды бақылады, онлайн-форумдарды цензуралады, ауру туралы ақпаратпен бөліскен хабарлаушыларды тұтқынға алды және желілер пайдаланушылары, журналистері мен денсаулық сақтау қызметкерлерін қудалады.<sup>3</sup> Сарапшылар COVID-19 туралы ақпарат таралуын басу індетке әрекет ету шараларының тиімділігіне теріс әсер етті деп санайды.<sup>4</sup>

Ақпанда 33-жасар дәрігер Ли Вэньляньнің COVID-19-дан қаза тапқанынан кейін, көпшілік наразылығы қоғамдық кеңістікке төгілді. Доктор Ли бұл ауру туралы алғашқы алаңдаушылық білдіргендердің бірі болып, содан кейін тұтқынға алынып, «онлайн жалған мәлімдемелер жариялағаны» үшін ескерту алып, өзінің «заңсыз» растайтын құжатқа қол қоюға мәжбүр болды. Қытайлықтар цензорларға қарсы ашық шығып, билік тарапынан оған қарсы әрекеттерге қарсы ашу білдіріп, дағдарысты реттеу бойынша үкімет әрекеттеріне күмәндерін білдірді.<sup>5</sup>

COVID-19 көрші елдерге, содан соң бүкіл әлемге таралғанда, үкіметтер мен халық онлайн-кеңестіктегі және кейде дәстүрлі БАҚ-дағы өтірік, мифтер және бұрмалаулар ағынына тап болды. Ақпанда ДСҰ COVID-19 таралуына қабаттас болған, «қажет болғанда сенімді көздер мен ұсынымдар табуға кедергі жасайтын» «бұқаралық инфодемия» туралы ескертті.<sup>6</sup> Сондай-ақ, ДСҰ COVID-19 туралы жалған мәлімет вирусқа қарсы тұру бойынша күш-жігерлерге зиян келтіретінін бірнеше рет атап өтті.<sup>8</sup>

Онлайн және оффлайн таралған жалған нанымдар арасында, қолды кептірушілерді пайдалану, сарымсақ пен ағартқышты тамаққа қолдану жұқпаларды емдей алатыны, індеттің себебі америкалық немесе қытайлық биологиялық қару немесе Билл және Мелинда Гейтс Қорының қатерлі қастандығы екені, және 1993 жылғы «Симпсондар» эпизоды коронавирусті болжап айтқаны туралы, мәлімдемелер бар.<sup>9</sup> Күнделікті өтірікке жұқтырулар асыра көрсетілген статистика мен мемлекеттік саясаттың қате сипаттамалары жатады. Зерттеушілер COVID-19 туралы жалған ақпарат, ДСҰ және ауруларды бақылау және алдын алу орталықтары сияқты беделді көздерден ақпаратқа қарағанда, жиірек кездесетінін анықтады.<sup>10</sup>

COVID-19 індеті әлемнің түкпір-түкпірінде синофобтық көзқарастар мен шетелдіктерге қарсы жалған сенімдерді тудырып, «қастастық тіліне» әкеліп соқты. Бұл кейде анонимді аккаунттардан таралып, көбінесе әлеуметтік желілерде байқалды. Дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдары мен билік өкілдері де анда-санда рұқсат етпейтін белгілерді іліп қойған фирмалар туралы ақпаратты тарату арқылы, кемсітушілік сипатындағы үндеулерді таратты.<sup>11</sup>

Кейбір үкіметтер COVID-19 індетіне қатысты жалған ақпаратқа қарсы қатаң әрекет етті. Қытай қатаң карантин шараларын қабылдап және жаһандық денсаулық сақтау өкілдерімен ынтымақтасып, індеттің таралуына тәсілдемесін өзгерткеніне қарамастан, БАҚ-дағы ақпарат ағыны мен көрсетілуін қатаң бақылауды және үкіметтік қайраткерлер мен олардың саясатын сынға алатындарды құдалауды жалғастырды. Азияның басқа елдері вирус туралы өтірікті таратуға күдікті адамдарды тұтқындап және оларға қарсы айып тағып, «жалған жаңалықтар», онлайн қатынасу мен киберқылмыстарды реттейтін жазалау заңдарын қолданды.<sup>12</sup> Таиланд жаңадан құрылған «Жалған жаңалықтарға қарсы күрес орталығына» COVID-19 туралы жалған мәлімдемелерді тергеу және қылмыс істерін қозғауға уәкілеттік берді.<sup>13</sup> Иранның Үкіметі болжам бойынша дезинформацияны таратып жатқан тұлғаларды тұтқындауға себеп болған «коронавирустан қорғаныс базасын» құрғанымен, соған қатар елде COVID-19 таралуы жайлы ақпаратты жасырып жүрді.<sup>14</sup>

Жоғарыда көрсетілген мәселелерді шешу үшін оң бастамалар да іске қосылды. Қаңтарда Денсаулық сақтау ұйымы ДСҰ Эпидемиялар жөніндегі ақпараттық желі (EPI-WIN) — өздерінің «сенімді көздерден уақтылы және нақты ақпаратты» беретін, жалған ақпаратқа қарсы күрес бағдарламасын іске қосты.<sup>15</sup> Сонымен қатар, ДСҰ COVID-19 туралы нақты ақпараттың таралуы үшін технологиялық компаниялармен, соның ішінде

Facebook, Google, Tencent, Baidu, Twitter, TikTok, Weibo, Pinterest, сондай-ақ интернеттегі инфлюенсерлермен ынтымақтастық орнатты.<sup>16</sup> Ірі әлеуметтік желілер жаңалықтар легінде вирус туралы сенімді контентті ілгерілету және жалған мәліметтің көрінісін азайту үшін шаралар қабылдады.<sup>17</sup>

АРТИКЛЬ 19 бұл оң бастамаларды қолдайды. Адамның басқа негізгі құқықтарымен бірге, сөз және ақпарат бостандығына құқық COVID-19 індетімен күресу үшін құқықтық негізді қамтамасыз етуі тиіс. COVID-19 індеті сияқты денсаулық сақтау саласындағы дағдарыс кезінде ақпараттың еркін ағынының шешуші маңызы бар. Вирустық эпидемиялар мен пандемиялар өзінің жаратылысынан диффузды және халыққа өңірлік, ұлттық немесе жаһандық көлемде әсер етеді. Мемлекеттік органдар вирустің таралуы мен жаңа шоғырлану нүктелерінің пайда болуын дәлме-дәл уақытта жан-жақты бақылай алмайды. Есесіне эпидемиялар мен пандемияларға қарсы қоғамның мониторингі мен баяндауына негізделген тиімді денсаулық сақтау шаралары құрылады. Журналистер, зерттеушілер мен денсаулық сақтау саласындағы мамандардың да вирустің таралуын қадағалаудағы маңызды рөлі бар.

Сонымен бірге, дәрігерлер, эпидемиологтар және басқа адамдар, биліктен нақты және өзекті ақпарат қолжетімсіз болған кезде, өздерін тиімді қорғай алмайды. Мәліметті ресми терістеу және жасыру вирустық эпидемияларды бұдан әрі қуаттандырады.<sup>18</sup> Мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілер жинайтын ақпаратқа тіке қолжетімділігі, сондай-ақ әртүрлі мемлекеттік және мемлекеттік емес көздерден ақпаратты жинау үшін кеңірек мүмкіндіктері бар. Бұл ақпаратқа қолжетімділіктің үлкен маңызы бар, себебі ол жеке тұлғалар мен қауымдардың, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы мамандардың мінез-құлығына әсер етеді. Бұдан өзге, денсаулық сақтау саласындағы дағдарыстарға ресми әрекеттерді бағалау үшін қоғамдастыққа мемлекеттік саясат пен қолданыстағы шаралар туралы ақпаратқа қолжетімділігі болуы керек.

Аталған құжатта COVID-19 дағдарысы әсер еткен сөз бостандығы мәселелері бойынша АРТИКЛЬ 19-дың ұстанымы баяндалады. Мұнда сөз және ақпарат бостандығы құқығының халықаралық стандарттары, әсіресе денсаулық құқығына қатысты, мазмұндалады. Мұнда аталған құқықтардың тиімді денсаулық сақтау стратегияларын әзірлеу мен іске асырудағы өзекті рөлі атап өтіледі. Мұнда қазіргі COVID-19 дағдарысы кезінде сөз бостандығы мен ақпаратқа қолжетілімдікке қатысты кейбір проблемалар

егжей-тегжейлі қарастырылады және мемлекеттер мен басқа субъектілер, атап айтқанда, БАҚ пен әлеуметтік желілер үшін ұсынымдар беріледі.



## Адам құқықтары саласындағы қолданыла алатын стандарттар

---

### Өз көзқарасын еркін білдіру және ақпаратқа қолжетімділік құқығы

Өз көзқарасын еркін білдіру құқығы Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының (АҚЖД)<sup>19</sup> 19-бабымен қорғалады және Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің (АСҚХП)<sup>20</sup> 19-бабы мен адам құқықтары туралы өңірлік келісімдер<sup>21</sup> негізінде заңдық күші бар.

Өз көзқарасын еркін білдіру құқығының қолданысының саласы кең. АСҚХП 19-бабының 2-тармағы мемлекеттерден барлық адамдарға «мемлекеттік шекараларға қарамастан кез келген ақпараттар мен идеяларды еркін іздеу, тауып алу және оларды өз қалауынша таңдап алған құралдар арқылы ауызша, жазбаша немесе баспасөз арқылы немесе көркемдік бейнелеу формалары түрінде тарату бостандығы» бойынша кепілдік беруді талап етеді.<sup>22</sup> БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитет, АСҚХП-ні түсіндіру тапсырылған орган, бұл құқық саяси түсініктемелер, журналистика, оқыту, адам құқықтары мәселелерін талқылау, жеке түсініктемелер мен тілдесуге қатысты екенін, сондай-ақ интернетте мәлімдемелерді қорғауды қамтамасыз ететінін растады.<sup>23</sup>

Өз көзқарасын еркін білдіру құқығы негіз қалаушы болғанымен, ол абсолюттік емес. Мемлекеттер бұл құқықты денсаулық сақтауды сияқты мемлекеттік мүдделерді қорғау мақсатында шектей алады. Сонымен қатар, Адам құқықтары жөніндегі комитет шектеулер ерекше болуы және қатаң үш бөліктік тестке сәйкес болуы керек екенін мәлімдеді.<sup>24</sup> Кез келген шектеу:

- **Заңмен бекітілуі тиіс:** кез келген заңдар немесе заңға тәуелді кесімдер тұлға өзінің мінез-құлығын тиісті реттей алу мүмкіндігін беру мақсатында жеткілікті нақтылықпен тұжырымдалулары тиіс;
- **Тек келесі мақсаттардың бірінен заңды мақсатты көздеуі тиіс:** басқа тұлғалардың құқықтары мен беделін құрметтеу немесе ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті қорғау немесе халық денсаулығы мен қоғамдық адамгершілікті қорғау;
- **Қажетті және өлшемдес болуы тиіс:** мемлекет қауіптің нақты сипатын, сондай-ақ ұсынылған әрекеттердің қажетілігі мен өлшемдестігін анықтап айтуы, сондай-ақ

ұсынылған шара аталған мақсатқа жетудің ең аз шектейтін шарасы екенін анықтауы тиіс.

Сонымен қатар, АСҚХП 20-бабының 2-тармағы ұлттық, нәсілдік немесе діни өшпенділікке әкеліп соғатын, өздігінен кемсітуге, араздыққа немесе зорлық-зомбылыққа арандатушылық болып табылатын қандай да бір үгіт жүргізуге заң тұрғысынан тыйым салынуы тиіс деп көздейді.

Сөз бостандығын шектеу мақсатында әрекет еткенде, үкіметтер қоғамдық денсаулыққа ықтимал қауіптің нақты сипатын дәлелдеулері немесе өз әрекеттерін басқа заңды мемлекеттік мүддемен негіздеулері,<sup>25</sup> сондай-ақ таңдаған сөз бостандығын шектеу тәсілінің қажеттілігі мен өлшемдестігін негіздеулері қажет.<sup>26</sup> Адам құқықтары жөніндегі комитет заңды қоғамдық мүддесі бар ақпаратпен алмасып жатқан журналистер, зерттеушілер мен құқық қорғаушыларға қатысты қылмыстық заңды қолдану жайында ерекше алаңдаушылық білдірді.<sup>27</sup>

Вирустық эпидемиялар немесе пандемиялар сияқты денсаулық сақтау саласындағы дағдарыстар қоғамдастықтың назарын биліктің әрекеттеріне аударады. COVID-19 індеті кезінде қоғамның қорқынышы мен түңілуі кейде мемлекеттік лауазымды тұлғалар мен үкіметтің саясатына қарсы — негізделген және негізделмеген — сынға айналды. Мемлекеттік билік органдарын сынауды басу бойынша мемлекеттік әрекеттері сөз бостандығы құқығына қайшы келеді. БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитеті «қоғамдық қайраткерлерге қатысты жария пікірсайыс жағдайында <...> көзқарастарды кедергісіз білдірудің құндылығы ерекше жоғары» болатынын мәлімдеді.<sup>28</sup>

Ақпаратқа қолжетімділік құқығы өз көзқарасын еркін білдіру құқығының негіз қалаушы бөлігі болып табылады. Атап айтқанда, адамдардың мемлекеттік органдардың қарамағындағы ақпаратты алуға құқықтары бар.<sup>29</sup> Адам құқықтары жөніндегі комитет мемлекеттер қоғамдық мүддесі бар ақпаратты белсенді жариялаулары, және мемлекеттік органдардың қарамағындағы ақпаратқа қолжетімділікті жеңілдету бойынша өзгелердің ішінде ақпарат бостандығы туралы заңды қабылдау арқылы шаралар қолданулары тиіс.<sup>30</sup> Ақпаратқа қолжетімділік құқығы барлық мемлекеттік органдар мен мекемелерге, соның ішінде атқарушы, заң шығарушы және соттық билікке, ұлттық, өңірлік немесе жергілікті деңгейде қатысты.<sup>31</sup> Бұл құқық Жария функцияларды орындайтын басқа құрылымдар ие болатын ақпаратқа да қатысты.<sup>32</sup> Өз көзқарасын еркін білдіру құқығының негіз қалаушы бөлігі болып, ақпаратқа

қолжетімділік құқығы да шектелуі мүмкін, бірақ тек АСҚХП 20-бабының 3-тармағымен қарастырылған қатаң өлшемлерге сәйкес болуы тиіс.

## БАҚ-ты реттеу

Сөз бостандығы кепілдіктері бірінші кезекте БАҚ-на қатысты. Халықаралық құқық қорғаушы органдар «заң ұлықтылығы қағидатын басшылыққа алатын мемлекетте баспасөздің ерекше рөлі»<sup>33</sup> мен демократиялық қоғамда бұқаралық ақпарат құралдарының ең маңызды рөлін бірнеше рет баса айтты.<sup>34</sup> Мысалы, БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитеті келесіні атап өтті:

Азаматтар, үміткерлер мен халықтың сайланған өкілдері арасында мемлекеттік және саяси мәселелер бойынша ақпарат пен пікірлердің еркін алмасуының ерекше маңызы бар. Бұл бақылаусыз және шектеусіз мемлекеттік мәселелерді түсіндіре алатын және олар туралы қоғамдастыққа хабарлай алатын баспасөз бен басқа ақпарат құралдарының бостандығын көздейді. Қоғамдастықтың өз кезегінде ақпарат құралдары қызметінің өнімін алуға құқығы бар.<sup>35</sup>

Денсаулық құқығы мәселелері жөніндегі арнайы баяндаушы денсаулық сақтау жүйелерінде есеп беруге міндеттілікті қамтамасыз ету үшін бұқаралық ақпарат құралдарының маңыздылығын ерекше атап өтті.<sup>36</sup>

Адам құқықтары саласындағы халықаралық құқық мемлекеттерге адам құқықтарын қорғау, көтермелеу және сақтау бойынша міндеттемелер артқанына қарамастан, коммерциялық кәсіпорындар да адам құқықтарын сақтау үшін жауапты екені кең ауқымда расталады.<sup>37</sup> БҰҰ бизнес мәселелері мен адам құқықтары жөніндегі жетекшілік қағидаттары корпорацияларда, соның ішінде әлеуметтік желілерде адам құқықтарын сақтау стандарттарын қолдану үшін міндеттейтін күші жоқ құралды ұсынады.<sup>38</sup> Жетекшілік қағидаттарында «кәсіпорындар адам құқықтарын құрметтеулері тиіс» екені айтылған,<sup>39</sup> және компаниялардың қосымша міндеттері атап өтіледі. Олардың қатарына адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттарды қолдану,<sup>40</sup> адам құқықтарына қолайсыз әсерді кеміту,<sup>41</sup> адам құқықтарын ілгерілететін саясатты әзірлеу,<sup>42</sup> адам құқықтары үшін қауіптерді анықтау үшін тиісті тексерулер өткізу<sup>43</sup> және адам құқықтарын бұзудан қорғану құралдарын қамтамасыз ету кіреді.

Әлеуметтік желілердің интернеттегі сөздерді басқару және шектеу бойынша кең мүмкіндіктерін ескере отырып, өз көзқарасын еркін білдіруге қатысты адам құқықтарын сақтау саласындағы стандарттар аса маңызды болып табылады. БҰҰ өз көзқарасын еркін білдіру және ақпаратқа құқығы жөніндегі арнайы баяндамашы өзінің жақындағы бірқатар баяндамасында әлеуметтік желілердің бұл тұрғыдағы әрекеттерін зерттеді. Ол «біраз компаниялар өз қызметінде адам құқықтарын қорғау қағидаттарын қолданатынына»<sup>45</sup> және компаниялар қастастық тілі сияқты проблемаларды «өз әрекеттерінің адам құқықтарына зардабын ешқашан дерлік есепке алмай» шешетініне<sup>46</sup> бірнеше рет алаңдаушылық білдірді.

Пайдаланушылардың өз онлайн-сөздері қалай бағаланатыны туралы сенімділігі болуы үшін контент модерациясы саясаттары нақты тұжырымдалған және түсінікті болулары қажет.<sup>47</sup> 2018 жылғы баяндамасында Арнайы баяндамашы әлеуметтік желілер қолданатын контент модерациясының «субъективті» әрі «анық емес» қағидалары жайында ерекше алаңдаушылық білдірді.<sup>48</sup> Бұдан өзге, әлеуметтік желілер базалық рәсімдерді, соның ішінде контентті жою туралы шешімдер жайлы хабарлап, бұл шешімдердің негіздерін және оларға шағымдану мүмкіндігін берулері тиіс.<sup>49</sup>

### **Денсаулық құқығы**

Денсаулық құқығы АҚЖД-да<sup>50</sup> бекітілген және Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактінің (ЭӘМҚХП) 12-бабына сәйкес заңдық күші бар. Атап айтқанда, бұл пакт мүше мемлекеттерінен эпидемиялардың алдын алу, олармен күресу мен оларды бақылауды талап етеді.<sup>51</sup> Бұл мемлекеттердің эпидемиологиялық қағадалау мен індет туралы деректерді жинауды пайдалану және жақсарту бойынша жеке және бірлескен күш-жігерлеріне де қатысты.<sup>52</sup> Бұдан ақпаратқа қолжетімділік денсаулық мәселелері бойынша ақпарат пен идеяларды іздеуді, алуды және онымен алмасуды қамтиды деген қорытынды шығады. Мемлекеттердің індеттер кезінде ақпарат құқығына қатысты бірдей міндеттемелері бар.

Денсаулық құқығының сөз және ақпарат бостандығы құқығымен ажырамас байланысы бар.<sup>53</sup> БҰҰ Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі комитеті «ақпараттың қолжетімділігі» денсаулық құқығының өзекті бөлігі болып табылатынын атап өтті.<sup>54</sup> Мемлекеттер денсаулық сақтау мәселелеріне қатысты сөздердің бостандығын шектегенде, немесе денсаулыққа байланысты ақпаратқа қолжетімділікті

бұғаттағанда, және денсаулық туралы ақпаратты алдын ала жарияламағанда, халық денсаулығына қолайсыз әсерден азап шегеді және денсаулық құқығын толығымен қолданыла алмайды. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі комитет денсаулыққа байланысты ақпаратты цензурадан, және денсаулық сақтау мәселелері бойынша талқылаулар мен бастамаларға қоғамның қатысуын болдырмайтын басқа әрекеттерден тіке сақтандырды.<sup>55</sup> Қытайдың COVID-19-ға алғашқы реакциясы көрсеткендей, індет туралы қоғамдық ақпараттандыруды басу мониторинг пен уақтылы әрекет ету бойынша күш-жігерлерге кедергі жасайды. Керісінше, өз көзқарасын еркін білдіруді қорғау қоғамдастық, журналистер мен жергілікті денсаулық сақтау органдары жинаған өмір үшін маңызды ақпарат билік органдары мен басқа өзекті мүдделі тараптарға түскеніне кепілдік етеді.

Сондай-ақ Денсаулық құқығы мәселелері жөніндегі арнайы баяндамашы денсаулық сақтау мәселелері бойынша ашық саясаттың қажеттілігін және ақпараттың билік органдарының есеп беруге міндеттілігін қамтамасыз ету және жеке тұлғалардың өз денсаулығын қорғау құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту үшін маңыздылығын атап өтті.<sup>56</sup> Сондай-ақ Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі комитет «денсаулықты қорғау немесе ем алу үшін өмірлік маңызы бар ақпаратты қасақана жасыру немесе бұрмалауды» айыптады.<sup>57</sup>

# COVID-19 індетінен туындаған, сөз бостандығына сын-тегеуріндер

---

## Дезинформация және COVID-19

Дезинформация вирустық эпидемиямен және денсаулық сақтау саласындағы басқа кез келген дағдарыспен күресудегі маңызды мәселе болып табылады. COVID-19 індеті кезінде бүкіл әлемдегі адамдар фактілерді жалғаннан бөліп алуға талпынады. Кейбір адамдар денсаулыққа қауіптерді азайтпайтын, керісінше, оларды көтеретін нанымдар мен әрекеттерді ұстанады. Үкіметтер дезинформация қаупіне байыппен қарағаны орынды. Олар жалған нанымдардың таралуын тиімді тоқтататын және дезинформация бойынша қасақана науқандарға қарсы тұратын саясатты әзірлеулері тиіс. Дезинформация денсаулық сақтау бойынша күш-жігерлерге ғана зиян келтірмей, басқа адам құқықтарының бұзылуына да әкелуі мүмкін.

Дезинформациядан туындайтын қауіпке қарамастан, болжам бойынша жалған ақпараттың таралуына кез келген шектеулер жоғарыда көрсетілген заңдылық, заңға сыйымдылық, қажеттілік пен өлшемдестік талаптарына сәйкес болулары қажет. Бұл өлшемдерді бағалаған кезде өз көзқарасын еркін білдіру құқығына сәйкес тек шыншыл мәлімдемелер немесе ақпарат қорғауға жатпайды.<sup>58</sup> Шынында өз көзқарасын еркін білдіру құқығына сәйкес жалған мәліметтер де қорғауға жатады.

Атап айтқанда, сөз бостандығы мәселелері жөніндегі төрт баяндамашының 2017 жылғы бірлескен декларациясында үкіметтер үшін COVID-19 індетімен күресу шеңберінде аса өзекті ұсынымдар бар.<sup>59</sup> Бұл декларацияда Арнайы баяндамашылар келесі туралы ескертеді:

Көмескі не әркелкі идеяларға негізделген, ақпарат, соның ішінде «жалған хабарлардың» немесе «объективті емес ақпараттың» таралуына жалпы тыйым салулар халықаралық стандарттарға қайшы келеді.<sup>60</sup>

Өкінішке орай, бүкіл әлемде үкіметтер болжам бойынша COVID-19 індетіне қатысты жалған мәліметтердің таралуын көздеп, тым кең тұжырымдалған ойлармен дәл мұндай жазалау заңдарын бірнеше рет пайдаланды. АРТИКЛЬ 19 мұндай көптеген заңдар<sup>61</sup> және сөз бостандығын шектеу үшін құзыреттілікке жол беретін тым кең өкілеттіктерге

қатысты бірнеше рет алаңдаушылық білдірді. Бұл ерікті құқық қолдануға және адамдарды өз мінез-құлығын заңға сәйкес реттеу үшін бағдардан айыруға әкеп соғады.<sup>62</sup>

Бұдан өзге, елеулі деңгейде цензура, қылмыстық жаза мен түрмеге қамауға сүйенетін, дезинформацияға ресми әрекеттердің өлшемдестігі мәселесі алаңдаушылық туғызады. Жоғарыда көрсетілгендей, кейбір үкіметтер, атап айтқанда, Қытай мейлінше жеңіл тәсілдер жеткілікті болатынын көрсетпей, COVID-19 туралы ақпараттың таралуына қатаң цензура енгізді. Сонымен қатар, көптеген елдер түрмеге қамауды қоса алғанда, қатаң қылмыстық жазаларды көздейтін заңдарды қолданып, болжам бойынша дезинформацияны тарап жатқандарды қудалауды бастады. АРТИКЛЬ 19 бас бостандығынан айыру түріндегі жазалау шаралары, зорлық-зомбылыққа азғырушылық болып табылатын кемсітушілік белгі бойынша қастастықты туғызу сияқты сөз бостандығына байланысты ең ауыр қылмыстардың түрлеріне ғана қатысты өлшемдес болады деп санайды.<sup>63</sup>

Сонымен қатар, эпидемия немесе пандемия мәнмәтінінде дезинформацияға қарсы тұру бойынша мұндай қатаң шаралардан тартыну үшін орынды дәлелдер бар. Адамдар COVID-19 індетінің таралуы немесе биліктің реакциясы бойынша алаңдаушылық білдіру мүмкіндігін сезулері және қорқыныштары орынсыз болған жағдайда жазалаудан қорықпаулары аса маңызды. Жеке тұлғаларды жалған ақпаратты абайсыз тарағаны үшін жазалау адамдарға зиянды ықпал етіп, вирустық індетті тез анықтау және әрекет ету үшін қажетті ақпараттың алмасуына кедергі қояды. Дезинформацияға қатаң тәсілдеме жұқтыру оқиғаларын ерте анықтауға және тиімді әрекет етуге әкелуі мүмкін қоғамдастықтың белсенділігін басады.

Өкінішке орай, жалған мәліметтің таралуына қарсы адам құқықтары саласындағы халықаралық құқықты бұзатын әрекет етуден басқа, кейбір мемлекеттердің өздері де қасақана дезинформация мен насихатты таратады.<sup>64</sup> Денсаулық сақтау саласындағы дағдарыс кезінде мемлекеттік бағдарламалар мен жүргізілген саясат қоғамдастық тарапынан мұқият зерттеледі, бұл жиі мемлекеттерді нарративті бақылауға және мемлекеттік органдар қызметінің көруін құруға түрткі болады. АҚШ-тың да, Қытайдың да үкіметтері COVID-19 індетінің таралуы туралы ақпараттың жаңылыстыруы мен жауап шаралары үшін айыпталды.<sup>65</sup> Басқалары саяси мүдделерін көздеп, вирустің таралуы туралы ақпараттың жасырғаны<sup>66</sup> немесе жалған ақпаратты ілгерілеткені үшін айыпталды. Мемлекет қаржыландырған дезинформация аса қауіпті. Ол мемлекеттік

органдарға сенімді кетіреді және қоғамдастық пен денсаулық сақтау өкілдері тарапынан қате жауап шараларына әкеп соғады.

### «Қастастық тілі»

Адам құқықтары саласындағы халықаралық құқықта «қастастық тілі» үшін көпшілік қабылдаған термин жоқ. Сонымен бірге, үкіметтер, саясаткерлер мен қарапайым азаматтар бұл терминді олар келіспейтін пікірлерді айыптау және кейбір пікірлерді білдіруге шектеу қоюға шақыру үшін пайдаланады.

COVID-19 таралуынан туындаған, шетелдіктер, соның ішінде қытайлықтарға қарсы көзқарастардың адам құқықтары үшін қауіпті салдары бар. «Қастастық тілі» зорлық-зомбылық пен кемсітушілікке әкеп соғып, олардың объектілері болып табылатын адамдарға өз құқықтарын орындауға бөгет жасауы мүмкін. Өз тарапынан, «қастастық тіліне» қатаң жауап шаралары қоғамдық талқылауларды басып, өз көзқарасын еркін білдіру құқығын шектеуі мүмкін. Демек, «қастастық тіліне» кез келген ресми шектеулер ЭӘМҚХП 19-бабының 3-тармағы мен 20-бабының 2-тармағында бекітілген белгілерге сәйкес болулары тиіс. Кейде мемлекеттердің «қастастық тілін» шектеуде заңды мүддесі болуы мүмкіндігіне қарамастан — мысалы, қоғамдық денсаулықты нығайту немесе басқа тұлғалардың құқықтарын қорғау үшін — олар қатаңдығы аздау шараларға емес, қылмыстық жазаларға сүйенгендіктен қателік жібереді. Азаматтық және әкімшілік құқық «қастастық тіліне» өлшемдес және тиімді жауап шаралары үшін көптеген мүмкіндіктер ұсынады. Қылмыстық жаза тек ақырғы шара және ең қауіпті жағдайларда ғана қолданылып, шамадан тыс болмауы қажет.<sup>67</sup>

Жиі мемлекеттер «қастастық тілі» мәселесін шешу бойынша басқа тиімді тәсілдердің есесіне қылмыстық жазаға шектен тыс мол сүйенеді. Адам құқықтары жөніндегі кеңестің 16/18 қарары<sup>68</sup> және Рабат Өшпенділік насихатына тыйым салу бойынша іс-қимыл жоспары сияқты құжаттарда БҰҰ органдары мемлекеттер кемсітушілікпен және «қастастық тілімен» күресу үшін қолдана алатын оң шаралар бойынша ұсынымдар берді, соның ішіне әлеуметтік шиеленісті анықтау және жою бойынша ресми тетіктерді құру, төзімділікті ілгерілету бойынша мемлекеттік лауазымды тұлғалар үшін тренингтер өткізу, көшбасшылардың төзімсіздікке қарсы пікір айту, қауымдастықтардың ішінде және арасында диалог үшін жағдай құру, плюрализм мен бұқаралық ақпарат құралдарының алуандығын көтермелеу және ықпалды кемсітушілікке қарсы заңнаманы қабылдау кіреді. Үкіметтер COVID-19 індеті мәнмәтінінде



бұл шараларды қытайлықтарға және шетелдіктерге қарсы көзқарастармен және «қастастық тілімен» күресу жоспарларына қосулары абзал.

Мемлекеттік емес субъектілер де, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік желілер мен қоғамдастық «қастастық тілімен» және төзімсіздікпен күресудегі өздерінің рөлін атқарулары қажет (толығырақ төменде қараңыз). ДСҰ COVID-19 індетіне байланысты әлеуметтік стигмамен күресу бойынша үкіметтер, бұқаралық ақпарат құралдары мен азаматтық қоғам үшін ұсынымдар жинағын жариялау үшін ЮНИСЕФ-пен және Халықаралық Қызыл Кірес Федерациясымен әріптестік қарым-қатынастар орнатты.<sup>70</sup>

# COVID-19 індетіне тиімді жауап: сөз бостандығы мен ақпаратқа қолжетімділіктің рөлі

---

## Ақпараттың еркін ағыны

COVID-19 індетіне тиімді жауап шараларын қамтамасыз ету үшін ақпарат қажет. Демек, халық, қауымдар мен жеке тұлғалардың өзекті ақпараттық қажеттіліктерін анықтау денсаулық сақтау саласындағы дағдарыс стратегияларын іске асырудағы маңызды қадам болуы тиіс. Ақпараттың қай түрін беруді ғана ойламай, сондай-ақ ол ақпаратты қалайша түрлі мақсатты аудиторияларға жетімді әрі түсінікті етіп ұсынуға болатынын ескеру қажет.

Ақпаратқа қол жеткізуден бас тарту көбінесе заңнамалық базаның жоқтығы мен көптеген мемлекеттік органның жабықтығына себепті. Бұған қоса, көптеген елде жазалау заңнамасы өмірлік маңызы бар ақпаратқа қолжетімділік пен оның таралуын шектейді. Тек кейде ақпаратты алу және оны тарату бостандығы адам құқықтары саласындағы проблемаларды анықтау және шешу үшін қажетті болып танылады.

## Бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі

Азат және тәуелсіз БАҚ COVID-19 індеті сияқты денсаулық сақтау саласындағы дағдарыс кезінде аса маңызды болып табылады. БАҚ вирустың салдарынан зардап шегуге ықпалдығы жоғары адамдарға ақпарат берудегі негізгі рөл атқарады. Азат және тәуелсіз БАҚ індетке ұлттық және халықаралық жауап шараларын бақылап, денсаулық сақтау бойынша қажетті шараларды қолдану кезінде ашықтық пен есептілікті қамтамасыз етуге жәрдемдесе алады. Сондай-ақ, БАҚ маңызды ақпаратты кері ретпен — зардап шеккен адамдардан билік пен басқа өзекті мүдделі тараптарға жеткізе алады.

Ең басынан, COVID-19 індетінің Қытайда пайда болуы туралы бірінші хабарламадан бастап, журналистер вируспен байланысты қауіп-қатерлерді азайтудағы өзекті рөл атқарды. Олар жаңа шоғырлану нүктелерін анықтады, қорғану шаралары туралы ақпарат берді, жалған мәліметтерді жоққа шығарды және жүргізіп жатқан саясат үшін үкіметтерге жауапкершілік жүктеді. Сонымен бірге, журналистер де кейде қате ақпаратты немесе кемсітушілік сипаттағы ақпаратты таратып, ең жоғары кәсіби деңгейді ұстай алмады.

Журналистерге шабуыл жасап, үкіметтер өздерінің COVID-19 індетіне әрекет ету қабілеттілігін кетіреді. Вирус мәселесін көтеретін журналистерді тұтқынға алу және оларға қарсы қылмыс істерін қозғау үкімет тарапынан өкілеттікті асыра қолданудың сорақы мысалдары болып табылады; бірнеше елден мұндай фактілер туралы хабарлама болды.<sup>71</sup> Сонымен бірге, аңду, соттың тыйым салулары немесе визаларды қайтарып алу сияқты құдалау немесе қорқытудың жеңілдірек нысандары да зиянды және контрөнімді болып табылады.

БАҚ COVID-19 індеті сияқты денсаулық сақтау саласындағы дағдарыстарда таптырмайтын рөл атқарады. Жете дайындалған, фактілерге негізделген репортаждар мифтерді жоққа шығаруға, насихат науқандарын зиянсыздандыруға және «қастастық тілімен» күресуге көмектеседі. Өз кезегінде, БАҚ-тан шығатын қате, кемсітушілік немесе қасақана жаңылыстыратын ақпарат жалған мәлімет пен төзімсіздіктің таралуына әкеп соғады.

Бұл тұрғыда журналистік этика нормаларын сақтау аса маңызды болып табылады.<sup>72</sup> Журналистер кәсіптерінің жоғары стандарттарын ұстанып, қоғамға нақты және расталған ақпарат берулері тиіс. Кәсіби стандарттар барлық мамандарға білдіріліп, барлық медиа компанияларда таралулары және ілгерулері, ал олардың ішкі саясаты бұл стандарттармен байланысты мәселелерді күн тәртібіне шығаруға жәрдемдесуі және көтермелеуі тиіс. БАҚ жұмысын реттейтін органдар жоғары кәсіби стандарттарды қолдап және ілгерілетіп, БАҚ жұмысы мәселелері бойынша кері байланыс үшін ашық болып, жоққа шығару және жауап беру құқық сияқты құқықтық қорғау шараларын қолдану мүмкіндігін берулері тиіс.

Бұқаралық ақпарат құралдары дағдарыс кезінде дезинформация мен «қастастық тіліне» қарсы тұрудағы, сондай-ақ кемсітпеушілік пен мәдениаралық өзара түсіністікті көтермелеудегі негізгі рөл атқарады.<sup>73</sup> Дезинформация таралған жерде БАҚ, әсіресе мемлекеттік қызметтер өтірікті анықтауға және жоққа шығаруға көмектесе алады. Журналистер нақты деректерді баяндаулары, теріс таптаурындардан бас тартулары, нәсіл немесе ұлтты ерекшелемеу, сондай-ақ кемсітушілік әрекеттері туралы хабарлаулары тиіс.<sup>74</sup> БАҚ жұмысын реттейтін органдар журналистер қасақана дезинформация, «қастастық тілі» мен кемсітушілік мәселелерімен қалай жұмыс істеулері қажет туралы кәсіби стандарттарға негізділген егжей-тегжейлі ұсынымдар берулері тиіс.

### **Әлеуметтік желілердің рөлі**

Әлеуметтік желілер байланыстың жеңілдетуі, ақпараттың таралуы мен пікірлердің алмасуында мейлінше маңызды рөл атқарады. Facebook, Twitter, YouTube, Weibo және т.б. алаңдарын қоғамдық игілік үшін де, аласапыран бен сенімсіздік шығару үшін пайдалану мүмкін. Бұл

мүмкіндіктер COVID-19 індеті кезінде мейлінше анық болды. Үкіметтер, денсаулық сақтау қызметкерлері, қауымдастықтар мен жеке тұлғалар вирус туралы қажетті ақпаратты алу үшін тұрақты негізде әлеуметтік желілерге жүгінді. Алайда, олар интернетте табылған әр түрлі және қайшылықты ақпаратпен де шатастырылды.

Қазір әлеуметтік желілер үкіметтердің мүмкіндіктерімен тең келетін немесе тіпті артылатын цензура өкілеттіктеріне ие. Алайда, олар үкіметтер үшін міндетті халықаралық стандарттармен шектелмеген, және олардың тек кейбірі адам құқықтары саласындағы стандарттарды өз саясаттары мен қызметіне белсенді қосады.

Әлеуметтік желілер олардың тарапынан онлайн-контент немесе пайдаланушыларға қатысты қолданылатын жағымсыз шаралардың ашық болуын, нақты тұжырымдалғанын және олардың қызмет көрсету шарттарында баяндалғанына кепіл болулары тиіс. Олардың үкіметтерге қарағанда қасақана дезинформацияға жауап шаралары кеңірек, бұл оларға БҰҰ Жетекші қағидаттарына сәйкес әрекеттер үшін кең мүмкіндіктер береді.<sup>75</sup> Пайдаланушыларды бұғаттау немесе өтірік контентті жоюдан басқа, әлеуметтік желілер сенімді контентті ілгерілету, өтірік контентке ескертулер немесе құлақшалар қою, аккаунттарды уақытша тоқтату немесе беделді ақпарат көздеріне сілтемелер беру үшін өз алгоритмдерін қайта әзірлеулері мүмкін.<sup>76</sup>

Дезинформация мен «қастастық тіліне» қарсы тұруда әлеуметтік желілер мен басқа ұйымдар арасындағы әріптестік қарым-қатынастарды орнату да жәрдемдесе алады. Мысалы, Facebook ДСҰ-мен және денсаулық сақтау министрліктерімен ынтымақтасып, жаңалықтар легінде беделді контентке сілтемелерді ілгерілетеді.<sup>77</sup> Сондай-ақ Facebook вирус туралы дезинформацияға қарсы тұру мақсатында фактілерді тексеретін тысқары ұйымдармен және тұлғалармен ынтымақтасады. БҰҰ Өз көзқарасын еркін білдіру және ақпаратқа қолжетімділік жөніндегі арнайы баяндамашысы, өңірлік және басқа баяндамашылар мұндай әріптестіктер мен бастамаларды көтермелейді.<sup>78</sup> Алайда, контентті жою немесе интернеттегі сөздерге қарсы бағытталған басқа жағымсыз әрекеттерге жағдай жасайтын әріптестіктер өз көзқарасын еркін білдіру бостандығын қисынсыз шектей алады. Әлеуметтік желілер мұндай әріптестіктерге қатысты айқындықты сақтап, олардың адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз етулері тиіс.

Үкіметтер заңмен бекітілген талаптар, жеке тәртіптегі талаптар немесе нарықтарға қолжетімділіктен айырумен қорқыту арқылы әлеуметтік желілер тарапынан көзқарастарды білдіруді басқару және ілгерілетуге әсер етуге жиі талпынды. Пайдаланушылардың жеке ақпаратын беру туралы орынсыз сауалдар немесе мемлекеттік лауазымды тұлғалардың

сынауын цензуралау туралы бұйрықтар сияқты кейбір үкіметтік талаптар орындалған жағдайда, бұл адам құқықтарының бұзылуына әкеп соғуы мүмкін. БҰҰ Жетекші қағидаттарында жазылғандай, кәсіпорындар «қайшылықты талаптарға тап болғанда, халықаралық деңгейде танылған адам құқықтары қағидаттарын сақтау жолдарын табулары» қажет.<sup>79</sup>

Әлеуметтік желілердің жұмысын реттеу адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттармен сәйкес келуі міндетті еместігіне қарамастан, ол өз көзқарасын еркін білдіру бостандығын қорғайтындай етіп, жүзеге асырылуы қажет. Делдалдар жауапкершілігі бойынша Манила қағидаттары үкіметтер мен онлайн-алаңдар арасындағы қарым-қатынастарды реттейтін стандарттарды бекітеді.<sup>80</sup> Олардың арасындағы ең негізгісі — үшінші тұлғалар орналастырған немесе жіберген контент үшін делдалдар жауапты болмайды деген қағидат.<sup>81</sup> Үкіметтер делдалдарға жауапкершілік қоятын заңнаманы жоюлары немесе реформалаулары, және болашақта мұндай заңдарды қабылдаудан тартынулары тиіс.

Әлеуметтік желілер өздерінің үкіметтермен қарым-қатынастарындағы айқындықты қамтамасыз етулері тиіс екенін атап өту маңызды. Арнайы баяндамашы «корпорациялардың жәрдемін қажет ететін үкіметтің әрекеттері туралы ақпаратты ашуға» шақырды<sup>82</sup>, сондай-ақ әлеуметтік желілер жариялайтын «ашықтық туралы баяндамаларды» жеткілікті дәрежеде толық еместігі үшін айыптады.<sup>83</sup>

Жоғарыда көрсетілгендей, дезинформация адам құқықтары үшін елеулі қауіп төндіріп, COVID-19 таралуына қарсы тұру бойынша күш-жігерлерге кедергі жасайды. Үкіметтер, БАҚ және әлеуметтік желілер өз көзқарасын еркін білдіру және ақпаратқа қолжетімділік құқықтарын құрметтейтін саясатқа сүйеніп қана, қате мәліметтердің таралуымен күресулері тиіс.

## Ұсынымдар

---

COVID-19 індетіне жауап шаралары адам құқықтары, соның ішінде өз көзқарасын еркін білдіру және ақпаратқа қолжетімділік құқығына қатысты халықаралық кепілдіктерге сәйкес болулары тиіс. АРТИКЛЬ 19 мемлекеттер, БАҚ пен әлеуметтік желілерді келесі шараларды қолдануға шақырады.

### Мемлекеттер үшін

- Үкіметтер COVID-19 таралуына қатысты, соның ішінде жұқтырулардың саны, географиялық таралуы, өлімдер мен жазылулардың статистикасы, сондай-ақ үкімет жүргізетін саясат пен жауап шаралары туралы **ақпаратты алдын ала ашулары** тиіс. Қоғамды ағарту бойынша науқандар, вирус мәселесіне арналған веб-сайттар, және вирус туралы соңғы ақпарат пен оның алдын алуы бойынша ұсынымдарды қамтитын әлеуметтік желілердегі жарияланымдар маңызды алғашқы қадам болып табылады. Ақпараттың ашықтығын сақтау және оны хабарлау бойынша міндеттемелерді COVID-19 таралуына жауап ретінде әзірленген барлық саясаттар мен іс-қимыл жоспарларына қосу қажет.
- Үкіметтер жария ақпаратқа қолжетімділікті жеңілдету үшін, соның ішінде ақпараттың кейбір түрлерін міндетті түрде жария қылу және топтар мен жеке тұлғалар мемлекеттік органдарға ақпарат туралы жолдайтын сұранымдарды өңдеу жүйесін дұрыстау арқылы **ақпарат бостандығы туралы заңдарды** қолданулары тиіс. Қазіргі таңда заңнамасында ақпарат бостандығы туралы заңдары бар мемлекеттер басым тәртіппен оларға қажетті түзетулерді енгізу және қарастыру арқылы оларды қолданыстағы халықаралық және өңірлік стандарттар мен үздік тәжірибелерге сәйкес келтірулері тиіс. Қалған мемлекеттер ақпарат бостандығы туралы заңдарды қабылдау мәселесін қарастырып, олардың әзірленуіне барлық тиісті тараптардың қатысуына мүмкіндік берулері тиіс.
- Мемлекеттік органдар «қастастық тілімен» және COVID-19 таралуы туралы дезинформациямен күресудің негізгі құралы ретінде **қылмыстық қудалау** мен басқа мәжбүрлеу шараларын **қолданудан бас тартулары** тиіс. Қылмыс істерін қарау және бостандықтан айыруды тек сөз бостандығымен байланысты ең елеулі қылмыс

түрлеріне қатысты қолдану қажет. Осы шағын санатқа жататын оқиғалардан басқа, билік қазіргі таңда вирус туралы сөздері үшін айыпталған тұлғалардан **тағылған кінәні алып тастаулары** және ұқсас негізде қамалған тұлғаларды босатулары тиіс. Бұдан өзге, үкіметтер COVID-19 індетіне қатысты сөздерге жауап ретінде **жазалау заңнамасының қолданылуына мораторий енгізулері** тиіс. Билік **заңдардың** өз көзқарасын еркін білдіру бостандығына қатысты халықаралық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз ету үшін оларды **реформалау** бойынша жұмысты бастаулары тиіс.

- Мемлекеттік органдар **қате мәліметтердің таралмауына** кепіл болулары, ал үкіметтер қасақана насихат немесе дезинформация науқандарынан бас тартулары тиіс.
- Үкіметтер **ақпарат берушілердің сенімді қорғауын** қамтамасыз етулері тиіс. Көптеген елде ақпарат бостандығы туралы заңнама немесе жеке заңдар шеңберінде ақпарат берушілердің қорғауы бар. Үкіметтің COVID-19 індетімен байланысты заңсыз әрекеттері немесе сәтсіз саяси шешімдері бойынша алаңдаушылық білдіретіндерді қорғау үшін осы елдер мұндай заңдардың дәйекті енгізілуіне назар аударулары қажет. Ақпарат берушілерді қорғау туралы арнайы заңнамасы жоқ елдер қоғамдық мүдделер үшін COVID-19 індетіне қатысты ақпаратты жариялайтындарды соттық қудалау немесе оларға қатысты шектеулерден тартынулары тиіс.
- Үкіметтер адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттар мен үздік тәжірибеге сәйкес келетін **«қастастық тілі»** немесе төзімсіздікпен **күресу бойынша оң шаралар қабылдаулары** тиіс. Бұл тұрғыда нұсқаулық ретінде Адам құқықтары жөніндегі кеңестің 16/18 қарары мен Рабат іс-қимылдар жоспарын пайдалануға болады.
- Үкіметтер БАҚ пен хабар тарату секторының өзін-өзі басқаруы мен тәуелсіздігін қамтамасыз ететін, нақты нормативті-құқықтық база арқылы **азат, тәуелсіз және алуан түрлі орта құру** үшін шаралар қолданулары тиіс. Сондай-ақ мемлекеттер COVID-19 мәселесі мен денсаулық сақтау дағдарыстарын көрсету арқылы қоғамдық мүдделерге қызмет ету сияқты нақты мандаты бар тәуелсіз қоғамдық БАҚ-ты қолдау мүмкіндігін қарастырулары мүмкін.
- Мемлекеттік органдар COVID-19 мәселелері мен вирустің таралуына ресми жауап шараларын көрсететін **журналистердің азарлауын аяқтаулары** тиіс.

- Үкіметтер жалпы және COVID-19 індетіне байланысты **медиа- және сандық сауаттылықты көтеру** бойынша шараларды көздеулері тиіс. Бұл медиа- және сандық сауаттылық сабақтарын мектеп бағдарламасына қосуды және азаматтық қоғаммен және әлеуметтік желілермен өзара іс-қимыл орнатуды қамти алады.

### **БАҚ үшін**

- Бұқаралық ақпарат құралдары мен журналистер COVID-19 індеті мәнмәтінінде мемлекеттік және мемлекеттік емес субъектілер тарапынан **дезинформация, насихат пен кемсітушілік туралы белсенді хабарлаулары** тиіс. Беделді журналистік көздерден нақты ақпарат «қастастық тілі» мен қате мәліметтердің таралуын болдырмау үшін ықпалды құралдарының бірі болып табылады.
- БАҚ пен журналистер шағымдарды қарастыру жөніндегі ұлттық органдар мен омбудсмендерді де, жеке ақпарат агенттіктерінде этика жөніндегі редакторларын да (public editors) қоса алғанда тиімді өзін-өзі **басқару желілерін қолдаулары** тиіс. Мұндай органдар немесе лауазымды тұлғалар COVID-19 індетінің мәнмәтінінде қате немесе кемсітушілік хабарламаларды жою үшін **жоққа шығару және жауап беру құқығын қамтамасыз етуге көмектесулері** тиіс.
- COVID-19 туралы хабарлағанда, БАҚ пен журналистер **ең жоғары кәсіби этика стандарттарын, соның ішінде теңдік қағидаттарын ұстанулары** тиіс. Олар COVID-19 туралы нақты, таптаурындардан қашқақтап және нәсіл, ұлт немесе этникалық шығу тегіне ерекшелемей хабарлаулары тиіс.

### **Әлеуметтік желілер үшін**

- БҰҰ Өз көзқарасын еркін білдіру бостандағы жөніндегі арнайы баяндамашы қолдайтын «адам құқықтары үнсіз келісім бойынша қорғанады» деген тәсілге сүйеніп, әлеуметтік желілер өз алаңдарындағы қате мәліметтер мен «қастастық тілін» реттеу бойынша **нақты әрі түсінікті саясаттарды тұжырымдаулары** тиіс. Соңғы жылдары көп компаниялар қағидаларды бұзатын контенттің нақтырақ анықтамалары мен мысалдарын беріп, өздерінің контентті модерациялау саясаттарын жетілдірді. Олар бұдан әрі анықтылықты қамтамасыз ету үрдісін жалғастырулары тиіс. Бұдан өзге, әлеуметтік желілердің COVID-19 індетіне байланысты мәселелердегі қызметін



реттейтін қағидалар анық болып, адам құқықтары саласындағы халықаралық құқықта бекітілген заңдылық стандарттарына сәйкес болулары тиіс.

- Әлеуметтік желілер «қастастық тілі» мен COVID-19 туралы қате мәліметтердің таралуына қарсы шараларды қолдану кезінде **ең аз іс жүргізу кепілдіктерін қамтамасыз етулері** тиіс. Олар контентті жою, оған қолжетімділікті шектеу немесе аккаунттарды бұғаттау сияқты өздерінің әрекеттері туралы пайдаланушыларға хабарлаулары тиіс. Контентті демонетизациялау да нақты және ашық рәсімдерге сәйкес жүзере асырылуы тиіс, себебі ол да контентті модерациялаудың бір нысаны. Барлық жағдайларда пайдаланушыларға шешімдерге шағымдану мүмкіндігі берілуі тиіс.
- Әлеуметтік желілер дезинформация және COVID-19 мәселелері бойынша **үкіметтермен өздерінің өзара іс-қимылдарындағы толық айқындықты қамтамасыз етулері** тиіс. Мұндай ақпарат ашықтық туралы мерзімді есептерге қосылуы мүмкін, ал бұл есептер толық әрі түпкілікті болулары тиіс. Бұдан өзге, әлеуметтік желілер **адам құқықтарын бұзатын үкіметтік сауалдарына қарсы тұрулары** тиіс.
- Сонымен, әлеуметтік желілер «қастастық тілімен» және COVID-19 туралы қате мәліметтердің таралуымен күресу үшін қалыптасқан **әріптестік қарым-қатынастарды пайдаланулары** қажет. Олар вирус туралы нақты ақпараттың таралуына жәрдемдесу мақсатында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен және әлем бойынша денсаулық сақтау министрліктерімен өзара іс-қимылды қолдаулары және нығайтулары қажет. Фактілерді тексеретін тысқары ұйымдармен және тұлғалармен әріптестік қарым-қатынастар да құпталады. Сонымен бірге, әлеуметтік желілер кез келген әріптестік шеңберіндегі барлық әрекеттер адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттарға сәйкес орындалатынына кепіл болулары тиіс.

## Ескертпелер

1. Денсаулық сақтау ұйымы (ДСҰ), Naming the coronavirus disease (COVID-19) and the virus that causes it, датасыз, [https://www.who.int/emergencies/diseases/novel-coronavirus-2019/technical-guidance/naming-the-coronavirus-disease-\(covid-2019\)-and-the-virus-that-causes-it](https://www.who.int/emergencies/diseases/novel-coronavirus-2019/technical-guidance/naming-the-coronavirus-disease-(covid-2019)-and-the-virus-that-causes-it)
2. ДСҰ, Жаңа коронавируспен (COVID-19) байланысты жағдайды мониторингілеу жөніндегі ақпараттық панель, датасыз, <https://experience.arcgis.com/experience/685d0ace521648f8a5beeeee1b9125cd>
3. Мысалы: Li Yuan, China Silences Critics Over Deadly Virus Outbreak, Нью Йорк Таймс, 2020 ж. 22 қаңтар, <https://www.nytimes.com/2020/01/22/health/virus-corona.html>; Human Rights Watch, China: Respect Rights in Coronavirus Response, 2020 ж. 30 қаңтар, <https://www.hrw.org/news/2020/01/30/china-respect-rights-coronavirus-response> қараңыз.
4. Мысалы: G. Shih, E. Rauhala & L.H. Sun, Early missteps and state secrecy in China probably allowed the coronavirus to spread farther and faster, Вашингтон Пост, 2020 ж. 1 ақпан, <https://www.washingtonpost.com/world/2020/02/01/early-missteps-state-secrecy-china-likely-allowed-coronavirus-spread-farther-faster/>; Chris Buckley and Steven Lee Myers, As New Coronavirus Spread, China's Old Habits Delayed Fight, Нью Йорк Таймс, 2020 ж. 1 ақпан, <https://www.nytimes.com/2020/02/01/world/asia/china-coronavirus.html> қараңыз.
5. Мысалы: Li Yuan, Widespread Outcry in China Over Death of Coronavirus Doctor, Нью Йорк Таймс, 2020 ж. 7 ақпан, <https://www.who.int/docs/default-source/coronaviruse/situation-reports/20200202-sitrep-13-ncov-v3.pdf> қараңыз.
6. ДСҰ, Novel Coronavirus (2019-nCoV) Situation Report - 13, 2020 ж. 2 ақпан, <https://www.who.int/docs/default-source/coronaviruse/situation-reports/20200202-sitrep-13-ncov-v3.pdf>
7. Аталған құжатта «дезинформация» термині нақты емес немесе жаңылыстыратын ақпарат пен қате мәліметтерді таратуға қатысты қолданылады. Бұл белгілі бір теріс мақсатта, мысалы, алдау, шатыстыру немесе айла-шарғы жасау мақсатында таралатын нақты емес ақпарат болып табылатын «қасақана дезинформациядан» бөлек.
8. ДСҰ, Бас директорының 2020 ж. 8 ақпандағы 2019 жылғы жаңа коронавирус бойынша БАҚ үшін брифингтегі ескертулері. Бас директор «вирустің таралуы жүргізілгенде, дезинформация біздің ержүрек денсаулық сақтау қызметкерлеріміздің жұмысын бұдан әрі қиындатады және шешім қабылдаушы тұлғалардың назарын алаң еткізеді. Бұл қоғамда абыржу мен қорқыныш туғызады» деп айтты. <https://www.who.int/dg/speeches/detail/director-general-s-remarks-at-the-media-briefing-on-2019-novel-coronavirus---8-february-2020>
9. Мысалы, ДСҰ, Coronavirus disease (COVID-19) advice for the public: Myth busters, <https://www.who.int/emergencies/diseases/novel-coronavirus-2019/advice-for-public/myth-busters/>; M. Richtel, W.H.O. Fights a Pandemic Besides Coronavirus: an "Infodemic", Нью Йорк Таймс, 2020 ж. 6 ақпан, <https://www.nytimes.com/2020/02/06/health/coronavirus-misinformation-social-media.html>; E.J. Dickson, Coronavirus Is Spreading-And So Are the Hoaxes and Conspiracy Theories Around It, Роллинг Стоун, 2020 ж. 2 наурыз, <https://www.rollingstone.com/culture/culture-news/coronavirus-china-bat-patent-conspiracy-theory-942416/> қараңыз.

10. J. Gregory, The coronavirus 'infodemic' is real. We rated the websites responsible for it, 2020 ж. 28 ақпан, <https://www.statnews.com/2020/02/28/websites-spreading-coronavirus-misinformation-infodemic/>
11. Мысалы, Н-Ж. Kim, Fears of new virus trigger anti-China sentiment worldwide, 2020 ж. 2 ақпан, <https://apnews.com/04f18aafe1074a1c06b4203edcbdc661> қараңыз.
12. Мысалы, Amnesty International, Singapore: Social media companies forced to cooperate with abusive fake news law, 2020 ж. 19 ақпан, <https://www.amnesty.org/en/latest/news/2020/02/singapore-social-media-abusive-fake-news-law/>; M. Tostevin & J. Geddie, Coronavirus sends Asia's social media censors into overdrive, 2020 ж. 4 ақпан, <https://www.reuters.com/article/us-china-health-fakenews/coronavirus-sends-asias-social-media-censors-into-overdrive-idUSKBN1ZY1AC>; B.Schmidt, Wuhan Doctor's Death Shows Risks of Asia's Fake News Crackdown, 2020 ж. 7 ақпан, <https://www.bloomberg.com/news/articles/2020-02-06/fake-news-arrests-jump-across-asia-to-stem-virus-infodemic> қараңыз.
13. Мысалы, T. Boonbandit, Two arrested for spreading coronavirus fake news, 2020 ж. 30 қаңтар, <https://www.khaosodenglish.com/politics/2020/01/30/two-arrested-for-spreading-coronavirus-fake-news/> қараңыз.
14. ARTICLE 19, Iran: Coronavirus crisis highlights need for the free flow of information, 27 февраль 2020 ж., <https://www.article19.org/resources/iran-coronavirus-crisis-highlights-need-for-the-free-flow-of-information/>
15. ДСҰ, About EPI-WIN, датасыз, <https://www.epi-win.com/about-epi-win>
16. ДСҰ, Бас директордың ескертулері, жоғарыда қараңыз.
17. Мысалы, Facebook коронавирус тақырыбындағы сауалдар бойынша нәтижелердің төбесінде ДСҰ мен ұлттық денсаулық сақтау органдарының ақпаратымен «білім беретін қалқыма терезелерді» орналастырады; К-Х. Jin, Facebook Денсаулық сақтау бөлімінің басшысы, Keeping People Safe and Informed About the Coronavirus, 2020 ж. 30 қаңтар, қараңыз, 2020 ж. 3 наурызда жаңартылды, <https://about.fb.com/news/2020/03/coronavirus/>. Сондай-ақ Facebook вирусқа пайланысты қате сөздерді анықтау үшін фактілерді тексерумен шұғырланатын сертификатталған тысқары компаниялар мен тұлғалардың желісін пайдаланады. Facebook-тағы наурызғы постінде Марк Цукерберг компания нақты ақпараттың таралуын жәрдемдесу мақсатында ДСҰ-ға «қанша қажет болса, сонша тегін жарнамалық орын» беретінін жариялады; M. Zuckerberg, Facebook-тағы пост, 2020 ж. 4 наурыз, <https://www.facebook.com/4/posts/10111615249124441/> қараңыз. Twitter де іздеу нәтижелердің төбесінде расталған ақпаратты ілгерілтеді және іздеу кезінде қате нәтижелерге әкелуі мүмкін сыбыр сөздерін бұғаттайды; J. Chu & J. McDonald, Twitter, Helping the world find credible information about novel #coronavirus, 2020 ж. 29 қаңтар, [https://blog.twitter.com/en\\_us/topics/company/2020/authoritative-information-about-novel-coronavirus.html](https://blog.twitter.com/en_us/topics/company/2020/authoritative-information-about-novel-coronavirus.html) қараңыз.
18. A. Maryon-Davis, Outbreaks under wraps: How denials and cover-ups spread ebola, Sars and Aids, Index on Sensorship, vol. 14(1), 2015 ж. 12 наурыз, қараңыз.
19. БҰҰ Бас Ассамблеясы, Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, 1948 ж. 10 желтоқсан, 217 А (III). Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы БҰҰ Бас Ассамблеясының қарарымен қабылданғанына қарамастан, мемлекеттер үшін қатаң түрде міндетті емес. Алайда,

оны 1948 жылы қабылдау сәтінен оның көп ережесінің халықаралық адат ретінде заңды күші бар деп саналады; Филартига Пена-Иралаға қарсы, 630 F.2d 876 (1980 ж., АҚШ аймақтық апелляциялық сот США, 2-аймақ) қараңыз.

20. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт, 1966 ж. 16 желтоқсан, БҰҰ халықаралық шарттар жинағы, 999-том, 171-бет.
21. Адам құқықтары мен негізді бостандықтарын қорғау туралы Еуропа конвенциясының 10-бабы, 1950 ж. 4 қыркүйек; Адам мен халықтар құқықтары Африка хартиясының (Банжул хартиясы) 9-бабы, 1981 ж. 27 маусым; Адам құқықтары жөніндегі Америка конвенциясының 13-бабы, 1969 ж. 22 қараша.
22. АСҚҰП, 19-бап, 2-тармақ.
23. АСҚҰП, 19-бап, 3-тармақ; БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитет, 19-бапқа №34 Жалпы тәртіптегі ескертпе: Пікірлер мен оларды айту бостандығы, БҰҰ №CCPR/C/GC/34 құжаты, 11 және 12-тармақтар.
24. *Тап сонда*, 21-36-тармақтар.
25. *Тап сонда*, 35-тармақ.
26. *Тап сонда*.
27. *Тап сонда*, 30-тармақ.
28. №34 Жалпы тәртіптегі ескертпе, 38-тармақ.
29. *Тап сонда*, 18-тармақ.
30. *Тап сонда*, 19-тармақ.
31. *Тап сонда*, 7-тармақ.
32. *Тап сонда*, 18-тармақ (7-тармаққа сілтеме және 7-сілтеме).
33. Мысалы: Адам құқықтары жөніндегі Еуропа соты (Еуропа соты), Торгерсон Исландияға қарсы, 1992 ж. 25 маусым, №13778/88 арыз, 63-тармақ немесе Кастеллс Испанияға қарсы, 1992 ж. 24 сәуір, №11798/85 арыз, 43-тармақты қараңыз.
34. Еуропа соты, Дичанд және басқаралы Аустралияға қарсы, 2002 ж. 26 ақпан, №29271/95 арыз, 40-тармақ.
35. № 34 Жалпы тәртіптегі ескертпе, 13-тармақ.
36. Арнайы баяндамашының әр адамның мейлінше жоғары деңгейдегі физикалық және психикалық денсаулық құқығы мәселесі бойынша баяндамасы, 2008 жылғы 11 тамыз, № A/63/263 БҰҰ құжаты, 11-тармақ.
37. Кәсіпкерлік қызмет пен адам құқықтары жөніндегі жетекші қағидаттар: реализация рамок ООН «Қорғау, құрметтеу және дұрыстау» (Рагги қағидаттары), № A/HRC/17/31 БҰҰ құжаты, 2011 ж. 21 наурыз, қосымша. БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі кеңес (АҚК) жетекші қағидаттарды 17/4 АҚК қарарында мақұлдады, № A/HRC/RES/17/14 БҰҰ құжаты, 2011 ж. 16 маусым.
38. 2011 ж. 16 маусымда БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі кеңеспен қабылданған БҰҰ Кәсіпкерлік қызмет пен адам құқықтары жөніндегі жетекші қағидаттар, № HR/PUB/11/04 БҰҰ құжаты.

39. *Тап сонда*, 11-қағидат.
40. *Тап сонда*, 12-қағидат.
41. *Тап сонда*, 13(b)-қағидат.
42. *Тап сонда*, 15-қағидат.
43. *Тап сонда*, 17 және 18-қағидаттары.
44. *Тап сонда*, 22-қағидат.
45. Арнайы баяндамашының пікірлер мен оларды еркін айту құқығын көтермелеу және қорғау мәселесі бойынша баяндамасы, 2018 ж. 6 сәуір, № A/HRC/38/35 БҰҰ құжаты, 10-тармақ.
46. Арнайы баяндамашының пікірлер мен оларды еркін айту құқығын көтермелеу және қорғау мәселесі бойынша баяндамасы, 2019 ж. 9 қазан, № A/74/486 БҰҰ құжаты, 42-тармақ.
47. 2017 жылғы Бірлескен декларация, *жоғарыда қараңыз*, 4(a) және (b)-тармақтар.
48. Арнайы баяндамашының баяндамасы, 2018 ж. сәуір, 26-тармақ.
49. 2017 жылғы Бірлескен декларация, *жоғарыда қараңыз*, 4(c)-тармақ; Арнайы баяндамашының баяндамасы, 2018 ж. сәуір, 37-38-тармақтар.
50. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, 25-бап, 1-тармақ.
51. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт, 1966 ж. 16 желтоқсан, БҰҰ Халықаралық құжаттар жинағы, 993-том, 3-бет, 12-бап.
52. *Тап сонда*, 16-тармақ.
53. ARTICLE 19, A Healthy knowledge: Right to information and the right to health, 2012 ж., <https://www.article19.org/resources/healthy-knowledge-right-information-right-health/> қараңыз.
54. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі комитет, №14 Жалпы тәртіптегі ескертпе: Мейлінше жоғары деңгейдегі денсаулық құқығы (12-бап), 2020 ж. 11 тамызда қабылданған, № E/C.12/2000/4 БҰҰ құжаты, 12(b)-тармақ.
55. *Тап сонда*, 34-тармақ.
56. Адам құқықтары жөніндегі кеңес, Арнайы баяндамашы Пол Ханттың әр адамның мейлінше жоғары деңгейдегі физикалық және психикалық денсаулық құқығы мәселесі бойынша баяндамасы, 2018 ж. 31 қаңтар, № A/HRC/7/11 БҰҰ құжаты, 40-тармақ.
57. Жалпы тәртіптегі ескертпе № 14, *жоғарыда қараңыз*, 50-тармақ.
58. *Тап сонда*, кіріспе бөлім.
59. 2017 жылғы Бірлескен декларация, *жоғарыда қараңыз*.
60. *Тап сонда*, 2(a)-тармақ.
61. Мысалы: ARTICLE 19, Thailand: Computer Crime Act, 2017 ж.31 қаңтар, <https://www.article19.org/resources/thailand-computer-crime-act/>; ARTICLE 19, Singapore: New law on “online falsehoods” a grave threat to freedom of expression, 2019 ж. 9 мамыр, <https://www.article19.org/resources/singapore-new-law-on-online-falsehoods-a-grave-threat-to-freedom-of-expression/>; ARTICLE 19, Malaysia: Communications and Multimedia Act must be urgently revised, 2017 ж. 24 наурыз, <https://www.article19.org/resources/malaysia-communications-and-multimedia-act-must-be-urgently-revised/> қараңыз.
62. №34 Жалпы тәртіптегі ескертпе, *жоғарыда қараңыз*, 25-тармақ.

63. №34 Жалпы тәртіптегі ескертпе, 34 және 46-49-тармақтар, АСҚХП-пен бірге оқу, 20-бап, 2-тармақ.
64. 2017 жылғы Бірлескен декларация, *жоғарыда қараңыз*, кіріспе бөлім. Баяндамашылар мемлекеттер тарапынан қаржыланған дезинформация мен насихатты қоғамның ақпарат алу құқығына елеулі қауіп ретінде анықтады.
65. Мысалы, J.Dalton, Mike Pompeo refuses to deny conspiracy theory that coronavirus is 'hoax created to damage Trump, Индепендент, 2020 ж. 1 наурыз, <https://www.independent.co.uk/news/world/americas/coronavirus-mike-pompeo-trump-hoax-outbreak-us-cases-ted-lieu-a9366516.html>; немесе J. Palmer, Beijing Knows Who to Blame for the Virus: America, Файнэншл Таймс, 2020 ж. 2 наурыз, <https://foreignpolicy.com/2020/03/02/china-blames-united-states-coronavirus/> қараңыз.
66. ARTICLE 19, Iran: Coronavirus crisis, *жоғарыда қараңыз*.
67. № 34 Жалпы тәртіптегі ескертпе, *жоғарыда қараңыз*, 34-тармақ; Арнайы баяндамашының пікірлер мен оларды еркін айту құқығын көтермелеу және қорғау мәселесі бойынша баяндамасы, 2019 ж. 9 қазан, № A/74/486 БҰҰ құжаты, 15-тармақ.
68. Адам құқықтары жөніндегі кеңестің тәзімсіздікпен, теріс таптаурындармен, стигматизациямен және кемсітушілікпен, дін немесе көзқарасқа негізделген зорлық-зомбылыққа азғыру немесе зорлық-зомбылықпен күресу туралы 16/18 қарары, A/HRC/Res/16/18 БҰҰ құжаты, 2011 ж. 24 наурыз, [https://www2.ohchr.org/english/bodies/hrcouncil/docs/16session/A.HRC.RES.16.18\\_en.pdf](https://www2.ohchr.org/english/bodies/hrcouncil/docs/16session/A.HRC.RES.16.18_en.pdf)
69. Кемсітушілік, қастастық немесе зорлық-зомбылыққа азғыру болып табылатын, ұлттық, нәсілдік және діни өшпенділікті насихаттауға тыйым салу туралы Рабат іс-қимыл жоспары, №A/HRC/22/17/Add.4 БҰҰ құжаты, 2012 ж. 5 қазан, <https://www.ohchr.org/EN/Issues/FreedomReligion/Pages/RabatPlanOfAction.aspx>
70. ДСҰ, ЮНИСЕФ және Халықаралық Қызыл Кірес Федерациясы, Social Stigma associated with COVID-19, датасыз, <https://www.who.int/docs/default-source/coronaviruse/covid19-stigma-guide.pdf>
71. Журналистерді қорғау комитетінің сайтында Alerts бөлігін қараңыз, <https://cpj.org/news/>
72. Сондай-ақ Бірлескен декларация, *жоғарыда қараңыз*, 5(a) и (b)-тармақтары; ARTICLE 19, Өз көзқарасын еркін білдіру бостандығы және теңдік бойынша Кемден қағидаттары, 2009 ж. 30 сәуір, 7-қағидат, <https://www.article19.org/resources/camden-principles-freedom-expression-equality/> қараңыз.
73. Кемден қағидаттары, *жоғарыда қараңыз*, 6, 7 және 9-қағидаттары.
74. *Тап сонда*.
75. *Жоғарыда қараңыз*.
76. Арнайы баяндамашының баяндамасы, *жоғарыда қараңыз*, 2018 ж. сәуір, 31-тармақ; Арнайы баяндамашының баяндамасы, *жоғарыда қараңыз*, 2019 ж. қазан, 51-тармақты қараңыз.
77. *Жоғарыда қараңыз*.
78. 2017 жылғы Бірлескен декларация, *жоғарыда қараңыз*, 4(e)-тармақ.
79. БҰҰ Жетекші қағидаттары, *жоғарыда қараңыз*, 22(b)-қағидат.
80. Делдалдардың жауапкершігі бойынша Манила қағидаттары, 2015 ж. 24 наурыз, <https://www.manilaprinciples.org/>

81. *Тап сонда*, 1-қағидат; немесе Арнайы баяндамашының пікірлер мен оларды еркін айту құқығын көтермелеу және қорғау мәселесі бойынша баяндамасы, 2017 ж. 30 наурыз, № A/HRC/35/22 БҰҰ құжаты, 49-тармақ; 2017 жылғы Бірлескен декларация, *жоғарыда қараңыз*, 1(2)-тармақ.
82. Арнайы баяндамашының баяндамасы, 2017 ж. наурыз, 70-тармақ.
83. Арнайы баяндамашының баяндамасы, 2018 ж. сәуір, 40-тармақ.